

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік органдармен және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерімен өзара іс-қимыл жасасу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 13 маусымдағы № 224-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 13 маусымда № 32772 болып тіркелді

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-3-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік органдармен және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерімен өзара іс-қимыл жасасу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сыртқы сауда қызметі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары

- Сауда және интеграция министрі

С. Жумангарин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ" Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Республикалық мемлекеттік мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Сауда және
интеграция министрі
2023 жылғы 13 маусымдағы
№ 224-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік органдармен және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерімен өзара іс-қимыл жасасу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік органдармен және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерімен өзара іс-қимыл жасасу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-3-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі – ДСҰ) мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша сауда қызметін реттеу саласындағы

уәкілетті органның мемлекеттік органдармен және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерімен (бұдан әрі – квазимемлекеттік сектор субъектілері) өзара іс-қимыл жасасу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар мен ұғымдар пайдаланылады:

1) ДСҰ жұмыс органдары – ДСҰ Хатшылығы мен тұрақты консультативтік-кеңесші органдары;

2) ДСҰ мәселелері бойынша ақпараттық орталық – ДСҰ Хатшылығында тіркелген, мемлекеттік реттеу шараларын және ДСҰ-ға мүшелік шеңберінде Қазақстан Республикасының міндеттемелерін қозғайтын өзге де шараларды қолданудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейтін ДСҰ мүшесінің ресми интернет-ресурсы;

3) ДСҰ мүшелері – ДСҰ мүшелері болып табылатын мемлекеттер, мемлекеттер одақтары және жекелеген кедендік аумақтар;

4) мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының орталық атқарушы мемлекеттік органы, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

5) нотификация – ДСҰ-ның Қағидаларында, сондай-ақ осы ұйымға мүшелік шеңберінде Қазақстан Республикасының міндеттемелерінде қозғалатын салада қабылданған немесе әзірленіп жатқан мемлекеттік реттеу шаралары туралы ақпаратты қамтитын белгіленген нысандағы хабарлама;

б) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – сауда саясатын қалыптастыратын және сауда қызметі саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-тарау. Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша уәкілетті органның мемлекеттік органдармен және квазимемлекеттік сектор субъектілерімен өзара іс-қимыл жасасу тәртібі

3. Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша жұмысты үйлестіруді жүзеге асыру үшін уәкілетті орган:

1) мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша сұрау салуларына түсіндірулер береді;

2) мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерін олардың қызмет саласына қатысты мәселелерді қарау жоспарланған ДСҰ шеңберіндегі іс-шаралардың өткізілетіні туралы хабардар етеді.

ДСҰ жұмыс органдарының не ДСҰ мүшелерінің өтініштері, сұрау салулары немесе ақпараттары түскен кезде уәкілетті орган оларды мүдделі мемлекеттік органдар мен

квазимемлекеттік сектор субъектілеріне осындай ақпарат алынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жіберуді қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ДСҰ мүшелерінің құзыретті органдарымен, ДСҰ-ның жұмыс органдарымен, Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға қатысуын қамтамасыз етуге байланысты мәселелер бойынша өзге де халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылын үйлестіруді қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұсыныстарын ДСҰ келісімдері мен актілеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды;

5) мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақпараты негізінде ДСҰ шеңберінде қаралатын мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының түпкілікті ұстанымын қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастырады.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен квазимемлекеттік сектор субъектілері өз құзыреті шеңберінде:

1) уәкілетті органмен тұрақты өзара іс-қимылды жүзеге асыратын, ДСҰ келісімдерін реттеу нысанасы болып табылатын мәселелерді ішкі үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшені айқындау.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен квазимемлекеттік сектор субъектілері жауапты құрылымдық бөлімшені айқындағаны туралы уәкілетті органды хабардар етеді;

2) ДСҰ мүшелерінің Қазақстан Республикасына қатысты міндеттемелерін бұзу фактісі анықталған не осындай ақпаратты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде белгілі болған фактілер туралы уәкілетті органға жіберу;

3) Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелігі шеңберіндегі міндеттемелерін қорғайтын мемлекеттік реттеу шараларын қолдану туралы ұсыныстарды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ДСҰ келісімдерін реттеу нысанасы болып табылатын мәселелер бойынша құқықтық актілер жобаларын уәкілетті органмен келісу;

4) Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға қатысуын қамтамасыз етуге байланысты мәселелер бойынша уәкілетті органның сұрау салуларына негізделген жауаптарды бес жұмыс күні ішінде не уәкілетті органның сұрау салуында белгіленген мерзімде ұсыну;

5) ДСҰ келісімдеріне және олардың туынды актілеріне сәйкес өз құзыреті шегінде нотификациялар жобаларын уәкілетті органға уақтылы енгізу.

Егер ДСҰ келісімдерінде өзгеше көзделмесе, мемлекеттік органдар, сондай-ақ, қажет болған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектілері нотификациялардың жобаларын уәкілетті органның қарауына қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ДСҰ-ның тиісті келісінде көзделген ДСҰ-ға жіберу мерзімі басталғанға дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде енгізеді.

Нотификация жобасын сапасыз толтырған не оны белгіленбеген нысан бойынша ұсынған жағдайда немесе нотификация жобасында ұсынылған ақпарат шындыққа сәйкес келмеген не өзекті емес деректерді қамтыған жағдайларда нотификация жобасын уәкілетті орган нотификация жобасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік органға пысықтауға қайтарады.

Мемлекеттік органдар нотификация жобасын пысықтайды және қайтарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қайта жібереді.

Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі ДСҰ келісіміне, сондай-ақ Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ келісіміне сәйкес қабылданатын шұғыл шара қабылданған жағдайда нотификация жобасы тиісті шара қабылданған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей уәкілетті органның қарауына енгізілуі тиіс;

б) ДСҰ-мен өзара іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті органның өкілеттіктерін іске асыру мақсатында оған өз құзыреті шегінде жәрдемдесу арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

5. Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелігіне байланысты, мемлекеттік органдардың шоғырландырылған шешімі талап етілетін, сондай-ақ ДСҰ-ның көпжақты келісімдеріне қатысуға байланысты мәселелер Қазақстан Республикасының сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының қарауына шығарылады.

6. Ақпараттық орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету шеңберінде уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметі туралы ақпаратты және Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға қатысуын қамтамасыз етуге байланысты мәселелер бойынша өзге де ресми ақпаратты, оның ішінде нотификациялар арқылы ДСҰ органдарының және оның мүшелерінің назарына жеткізеді;

2) мемлекеттік органдардың интранет-порталында және уәкілетті органның ресми сайтында уәкілетті органның атына нотификацияларды енгізудің кезеңділігі, жағдайлары, нысандары және мерзімдері туралы ақпаратты қамтитын ДСҰ-ға нотификацияларды жасау бойынша нұсқаулықты орналастырады;

3) ДСҰ-ның Нотификацияларды тіркеу орталығына Қазақстан Республикасының нотификацияларын енгізеді;

4) мемлекеттік органдармен және квазимемлекеттік сектор субъектілерімен Қазақстан Республикасының нотификациялары бойынша ДСҰ мүшелері мен жұмыс органдарының сұрақтарына және (немесе) түсініктемелеріне жауаптарды пысықтайды және әзірлейді.

7. Уәкілетті орган ДСҰ шеңберінде дауларға және оның алдындағы рәсімдерге байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіреді.

ДСҰ шеңберіндегі дауда мүдделері қозғалатын мемлекеттік органдар және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектілері уәкілетті органның басшылығымен, оның ішінде өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының ұстанымын сапалы пысықтауға жауапты лауазымды тұлғаларды тағайындау арқылы тиісті жұмысқа тікелей тартылады .

Қазақстан Республикасының ұстанымын пысықтау үшін мемлекеттік органдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері, егер тиісті жазбаша сұрау салудың мәтінінде өзгеше көрсетілмесе, уәкілетті органның сұрау салуы келіп түскен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға ұстанымдарды, анықтамалық материалдарды және өзге де ақпаратты ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК